

Шымкент қаласы «№136 жалпы орта білім беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны



Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н.Мырзакасымова

Келісілді
Директордың
оқу - тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Ж.М.Есмурзаева

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the Deputy Director for Education and Upbringing mentioned in the text above.

2024-2025 оқу жылына арналған Қазақстан тарихы пәні бойынша
көмекші мектеп бағдарламасымен үйде оқытылатын оқушылармен
жүргізілетін күнтізбелік жұмыс жоспары
8-сынып

Пән мұғалімі: Туматаева Э.К.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 83-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 523-қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
сыныптары үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 7-9 сыныптары үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – тарихи процестің маңызды жақтарын ашатын Қазақстан тарихының жеке оқиғаларын жеткізу.

3. Міндеттері:

1) білім алушыларда отандық тарихтың елеулі оқиғалары мен тұлғалары туралы түсінік қалыптастыру;

2) білім алушыларда әртүрлі тарихи дәуірлердегі адамдардың өмірі, тұрмысы мен еңбегі туралы түсініктерді қалыптастыру;

3) білім алушыларда тарихи оқиғалар мен құбылыстар арасындағы қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды түсінуді қалыптастыру;

4) оқулық мәтіні, тарихи құжаттар, карталар және безендірулермен өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативті дағдылар, өз ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізу икемділіктері, топта жұмыс істеу, әртүрлі дереккөздерден ақпаратты қолдануды қалыптастыру;

6) өз Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік; өткен тарихқа құрмет, бүгінгі күні болып жатқан оқиғаларға ортақтастық сезімдерін тәрбиелеу.

4. «Қазақстан тарихы» оқу пәнін оқыту барысында түзете-дамыту міндеттері шешіледі: білім алушылардың танымдық әрекеті, сөйлеу тілі, эмоционалды-ерік саласы және жеке қасиеттерін дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Бағдарлама жергілікті сипаттағы материалдарды (объектілер, кәсіпорындар, ақпарат көздерін) пайдалануға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру жолымен білім алушының танымдық және әлеуметтік тұрғыдағы белсенділігін дамытады. Оқу-тәрбие сипатындағы жобалық әрекет педагогтың басшылығымен ата-аналармен серіктестік жағдайда жүзеге асырылады.

6. «Қазақстан тарихы» пәні жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тұлғасын дамыту мен тәрбиелеу процесінде, білім алушылардың азаматтық позициясын қалыптастыруда, оларды патриотизм және өз Отаны, оның тарихын құрметтеу рухында тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

7. Оқу пәнінің мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениеті, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен ролі, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесімен таныстырады. «Қазақстан тарихы» оқу пәні ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеуді білдіретін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

8. Танымдық әрекетінің бұзылысына байланысты ақыл-ойы зақымдалған білім алушыларға тарихи білімді игеру қиындығы деректер мен хронологиялық мәліметтердің көлемділігі, тарихи процестер мен оқиғалардың жаһандығымен байланысты, сондықтан олардың заңдылықтарын түсіну қиын.

9. «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнында білім алушылардың осы санатына қысқартылған көлемдегі оқу ақпараты беріледі, айтылатын терминдер саны азайтылып, курс құрылымы өзгертілген. Бағдарлама шиыршық қағидасына сәйкес құрылған, ол білім алушыларға өткен деректерді қажетті түрде қайталауға, берілетін тарихи ақпаратты кеңейту мен қиындатуға мүмкіндік береді.

10. Қазіргі кезеңдегі оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі ретінде білім алушының белсенді қызметін ұйымдастыру болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімдер, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сондай-ақ тұлғалық қасиеттерді игеруге ықпал етеді.

11. «Қазақстан тарихы» бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың даму және дайындық деңгейі мен ерекшеліктеріне білім беру жүйесінің бейімделу қағидасы;

2) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы олардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқу әрекетін арнайы әдістер және тәсілдермен қамтамасыз етеді;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды болжайды. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп нормалары мен өмірлік дағдыларды білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл ақыл-ой бұзылысы бар білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамуы ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психология ғылымының теориялық ережелеріне негізделеді. Онымен қоса жеңіл түрде ақыл-ой бұзылысы бар тұлғаны дамыту оларға қолжетімді қызметті ұйымдастыру сипатымен (заттық-тәжірибелік және оқу) анықталады;

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушылардың тәжірибелік әрекеті арасында тығыз байланыс орнату, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен икемдерді қалыптастыру қарастырылады;

6) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға саралау және жекелеу тәсілі олардың бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндіктерінің біртекті еместігі, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін және алынған білім, дағды мен біліктер сапасына ықпал ететін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескеруді болжайды. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру процесі 4 типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асады. Әрбір типологиялық топқа педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайды. Бұл жағдайда оқу жұмысының жылдамдығы, білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

7) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі төменгі танымдық белсенділігі және ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігімен шартталған. Ақыл-ойы жеңіл түрде бұзылған білім алушылардың дербес оқу-танымдық әрекеті, әсіресе 3-және 4-типологиялық топтар үшін қиындыққа ұшыраған жағдайда педагог оқу тапсырмасын табысты орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушы әрекетінің жетілмеген компоненті қызметін алады. Арнайы педагог ақыл-ой бұзылысы бар білім алушының жалпы даму заңдылықтарын біле отырып сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктері, оқытудың арнайы әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін бағыттайды.

12. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктеріне баға беру ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Мұғалім Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда білім беру барысында бағалайды. Педагог бақылаушы бағалау әрекетін жүйелі түрде қолданады.

14. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде болады.

15. Ағымдағы бақылау білім алушының әрекетін сабақта бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарын талдау, әрекеттің ұжымдық түрлері көмегімен іске асырылады. Әр сабақтық бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог қолданатын оқыту мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бақылау ынталандырушы және білім алушыларға қатысты тәрбиелеуші сипатқа ие.

16. Қорытынды бақылау жартыжылдық және жылдың соңында жүргізіледі. Педагог әрбір білім алушының даму динамикасы мен табыстылығын талдайды. Мониторинг нәтижелері білім алушылардың жетістіктерінің жиынтық картасында тіркеледі.

17. Бағалау рәсімінің көмегімен педагог алатын ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру процесінде туындайтын қиындықтарға уақтылы және дұрыс әрекеттесуге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмектің мазмұны мен тәсілдерін негіздемемен анықтайды.

18. Сипаттамалы бағалау даму мен оқытылғанның бар деңгейін ғана емес, онымен қоса білім алушымен жасалатын жұмыстың одан кейінгі қадамдарын анықтайды. Сипаттамалы баға білім алушылардың бойында дұрыс түрде өзін бағалаудың қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай жағдайда білім алушыларды бір-бірімен салыстыруға болмайды. Білім алушының жетістіктерін өзінің бұған дейінгі табыстарымен салыстыруға болады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға қатысты оқу жетістігі пайызы мен білім сапасын анықтау дұрыс емес.

19. Бағдарлама ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолданудың келесі дағдыларын қамтиды:

1) шынайы өмірлік жағдаяттардағы еліктемелер, сондай-ақ оларды ары қарай түсіну үшін аталмыш жағдаяттарды зерделеу үшін компьютерлік үлгілерді қолдану;

2) тәжірибелік тапсырмаларды шешу мақсатында мәтіндер, кестелер, кескіндемелер, аудио- және бейнематериалдарды өңдеу үшін бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалану;

3) тәжірибелік тапсырмаларды шешу барысында ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдаланудың шығармашылық тәсілдері;

4) белгілі бір тақырып бойынша топпен бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін электрондық құралдар арқылы материал жинау және тәжірибе алмасу;

5) АКТ технологияларды дербес қолдану дағдылары;

Қазақстан тарихы 8-сынып, аптасына – 0,5 сағат

№	Бөлім атауы	Сабақтың атауы	Сағат саны	мерзімі
1	1-бөлім ТАРИХҚА САЯХАТ	Ұлы Даланың ежелгі тарихы	1	05.09.2024
2		Ұлы Түрік қағанаты	1	19.09.2024
3		Қазақ хандығының құрылуы	1	03.10.2024
4		Қазақстан аумағының Ресейге қосылуының басталуы	1	17.10.2024
5	ТАМАША ӘЛЕМ	Қазақтардың тұрғын үйлері	1	07.11.2024
6		Қазақтың ұлттық киімдері	1	21.11.2024
7		Қазақтардың қолөнер бұйымдары	1	05.12.2024
8		Халық ауыз шығармашылығы БЖБ	1	19.12.2024
9		Қазақ халқының музыка өнері	1	09.01.2025
10		Қазақ халқының наным-сенімі	1	23.01.2025
11	ҚАЗАҚСТАН XIX–XX ҒАСЫРЛАР ШЕГІНДЕ	XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік -аумақтық реформалар	1	06.02.2025
12		Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі	1	20.02.2025
13		Жәрмеңке саудасының дамуы	1	06.03.2025
14		Қазақстандағы ұжымдастыру	1	20.03.2025
15	ҚАЗАҚСТАН XX ҒАСЫРДА	Алаш автономиясы	1	03.04.2025
16		Қазақстанның өнеркәсібі	1	17.04.2025
17		Ұлы Отан соғыс жылдарында БЖБ	1	08.05.2025
18		«Байқоңыр» ғарыш айлағы	1	22.05.2025

Анықтама

Пәні Қызылестік тарихы
 Мұғалім Мұсаева / Жылқыбаева Рүзрәкөнова
 Сағат саны _____
 Мекен-жайы Салмал-3 Серикбаев 83
 Анасының аты тегі Жылқыбаева
 Байланыс телефоны 8441 495 66 49
 Занды өкілінің аты тегі Жылқыбаева
 Байланыс телефоны 8441 495 66 49
 Оқыту бағдарламасы (көмекші, жалпы) _____

№	Сабақтардың тақырыптары	Сағат саны	Сабақ өткен күні	Сабақ өткен уақыты (басталған, аяқталған уақытын анық көрсету)	Ата-анасының қолы
1	Ұлы Даланың ежелгі тарихы	1	05.09.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
2	Ұлы Түрік қағанаты	1	19.09.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
3	Қазақ хандығының құрылуы	1	03.10.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
4	Қазақстан аумағының Ресейге қосылуының басталуы		17.10.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
5	Қазақтардың тұрғын үйлері	1	07.11.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
6	Қазақтың ұлттық киімдері	1	21.11.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
7	Қазақтардың қолөнер бұйымдары	1	05.12.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
8	Халық ауыз шығармашылығы БЖБ	1	19.12.2024	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
9	Қазақ халқының музыка өнері	1	09.01.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
10	Қазақ халқының наным-сенімі	1	23.01.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
11	XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік -аумақтық реформалар	1	06.02.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
12	Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі	1	20.02.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
13	Жәрмеңке саудасының дамуы	1	06.03.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
14	Қазақстандағы ұжымдастыру	1	20.03.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
15	Алаш автономиясы	1	03.04.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
16	Қазақстанның өнеркәсібі	1	17.04.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
17	Ұлы Отан соғыс жылдарында БЖБ	1	08.05.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>
18	«Байқоңыр» ғарыш айлағы	1	22.05.2025	14.30-15.15	<i>[Signature]</i>

ҰЛЫ ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

Хабардар боласыз:

*Түрік тайпалары туралы;
қаған деген кім;
Ұлы Жібек жолы туралы.*

Біздің дәуіріміздің VI ғасырында **он рудың тайпалық одағы** құрылды. Ол **Түріктер** деген атауға ие болды. Бұл атау оқиға орын алған жердегі таудың атауын алды. Ру ақсақалдары жаулардан қорғану үшін бірігіп, бір-біріне қолдау көрсеткен дұрыс деп шешті. Он тайпаның құрамына ашина, үйсін, қаңлы, түргештер, ұйғырлар, қырғыздар, қарлұқтар, оғыздар, қимақтар және қыпшақтар кірді. Түріктер өздерінің алғашқы билеушісі етіп **Ашина** руының көсемін сайлады. Аңыз бойынша, бүкіл түркі халқының арғы атасы Ашина болып табылады.

Біздің дәуіріміздің 552 жылы жаңа мемлекет – **Түрік қағанаты** құрылды. Оның басында жоғарғы билеуші – Қаған тұрды.



8-сурет. Ұлы Түрік қағанаты

Алғашқы қаған болып **Бумын** атанды. Ол батыл, ақылды және көреген басшы болды. Ол өз халқын жаулардың қарақшылық шабуылдарынан қорғау үшін әскер жинады. Уақыт өте келе Бумын көрші тайпаларды жаулап ала бастады. Жаулап алынған тайпалар Түркі мемлекетінің құрамына кірді. Осылайша 30-дан астам түркітілдес тайпалар қосылды. Олардың ішінде оғыздар, ұйғырлар, дулулар, үйсіндер бар.

Түрік қағандары үлкен империя құрды. 580 жылға қарай **Ұлы Түрік қағанаты** құрылды. Бұл Қиыр Шығыстан бастап Қара теңізге дейінгі үлкен көшпелі империя болды. Ұлы Түрік қағанаты – Еуразиядағы халықтарды біріктірген алғашқы ірі мемлекет. Олардың бір тілі, бір мәдениеті және бір өмір сүру салты болды. Қазіргі уақыттың өзінде де көптеген түркі халықтары бір-бірін еш қиындықсыз түсінеді.

Ежелгі түркілердің өз **жазуы** бар болған. Ол ежелгі белгілерге негізделген 40 таңбадан тұрды. Түрік қағанатында іс қағаздарын жүргізу, жарлықтар шығару, басқа мемлекеттердің билеушілерімен хат алмасу жүргізілді. Түріктер сауда жүргізіп, Қытай, Византия, Иран сияқты мемлекеттерге елшілік жіберген.

Түріктер Орта Азия мен Шығыста сауда қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Тауарлар салынған керуендер Еуропадан Қытайға және кері қарай жол жүрді. Қытайдан сол кезде өте сирек кездесетін мата – жібек тасымалданған. Нәтижесінде, **Ұлы Жібек жолы** пайда болды. Осы керуен жолының бойында – **Испиджаб, Отырар, Түркістан** қалалары пайда болып, дами бастады.

VII ғасырдың басында Түрік қағанаты – **Шығыс және Батыс** болып екіге бөлініп кетті. Қазақстан аумағында Батыс Түрік қағанаты орналасқан. Бірте-бірте ол да ыдырай бастады. Оның жерінде жекелеген түркі тайпалары **Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ және Қыпшақтар** орнын басты. Бұл ерте орта ғасырлар кезеңі еді.



9-сурет. Ұлы Жібек жолы

Ерте орта ғасырлардағы қағанаттардың халқы мал шаруашылығымен, егіншілікпен, балық аулаумен айналысқан. Сол кезеңдегі адамдардың көпшілігі мал шаруашылығымен айналысуды басшылық етті. Жылқы, түйе, қой өсірген. Қазақстанның солтүстік аумақтарында көшпелі мал шаруашылығы көбірек дамыса, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың құнарлы жерлерінде жартылай отырықшы немесе отырықшы мал шаруашылығы дамыған.

Сонымен қатар, түрлі қолөнер де өркендеді. Ерте орта ғасырлар тұрғындары тоқумен айналысып, киім тіккен, әсем бұйымдар жасаған. Кен орындарынан темір, күміс, алтын өндіріп, металл балқытты. Тұрмыста ағаш бұйымдар кеңінен қолданылды. Ер-тоқым, ыдыс-аяқ, қайықтар, киіз үйдің бөліктері ағаштан жасалды. Елді мекендерде қыш-құмыра өндірісі пайда болды.

Осы кезеңде қалалар салынды, мәдениет, жазу дамыды. Ерте орта ғасырлар кезеңінде Орта Азияда **ислам** тара-ла бастады.

Түріктер – ерте орта ғасырларда Қазақстан аумағын-да біріккен және өмір сүрген тайпалар одағы.

Қаған – хандардың ханы – ғұн дәуірінен кейінгі көш-пенділердің билеушілерінің ең жоғары атағы.

Қағанат – қағанның иелігі – бір қағанға бағынышты болған жерлер мен халықтар.

Ислам – Мұхаммед пайғамбар негізін қалаған араб тайпаларында пайда болған мұсылман діні. Мұсылман-дардың киелі кітабы – Құран.



1. Картадан Ұлы Жібек жолын және жолында орналасқан қа-лаларды көрсет. (9-сурет).
2. Сенің ойыңша, неліктен керуен жолы «Жібек жолы» деп ата-лады? Осы жол туралы әңгіме құрастыр.
3. Түрік қағанатындағы жоғарғы билеуші қалай аталды?
4. Мәтіннен тауып, Бумын қаған туралы оқып бер.
5. Картадан Ұлы Түрік қағанатының аумағын көрсет (8-сурет).
6. Сөйлемдерді жалғастырып жаз.

Солтүстік Қазақстанда ... мал шаруашылығы, ал оңтүс-тікте – ... және ... мал шаруашылығы дамыды.

Анықтамалық сөздер: көшпелі, отырықшы, жартылай отырықшы.

7. Қағанат тұрғындары қандай жануарларды өсірді?
Тізімнен таңда және жаз: Пілдер, түйелер, жылқылар, та-уықтар, қойлар.

Оқушымен жұмыс дәптері

Оқушының аты-жөні	Уширтай Гүлдана
Күні	19.09.2024 т
1. Картадан Ұлы Жібек жолын және жолында орналасқан қалаларды көрсет. (9-сурет).	
2. Түрік қағанатындағы жоғарғы билеуші қалай аталды?	Бұлағи қаған
3. Сөйлемдерді жалғастырып жаз. Анықтамалық сөздер: көшпелі, отырықшы, жартылай отырықшы.	Солтүстік Қазақстандамал шаруашылығы, ал оңтүстікте – <u>жартылай отырықшы</u> және <u>отырықшы</u> мал шаруашылығы дамыды.
4. Қағанат тұрғындары қандай жануарларды өсірді?	қой, жылқы

Оқушымен жұмыс дәптері

Оқушының аты-жөні	Шеңкелі Түрған
Күні	05.09.2024
1. Эволюция дегеніміз не?	Эволюция – тірі табиғаттың ұдайы даму процесі.
2. Адам тұрған баспаналар қалай өзгерді?	Адамдар алдымен үйірлерде тұрды, содан кейін киіз үйлерде тұрды.
3. Алғашқы адамдар құралдар мен қару-жарақтарды неден жасады?	тастан, сүйектен,
5. Қазақстан аумағында алғаш рет темірден жасалған қару мен еңбек құралдарын қашан қолдана бастады?	Б.з.б 1 мыңжылдықта Қазақстан аумағында темірді қару-жарақ пен еңбек құралдары жасау үшін қолдана бастады.

Қазақтың ұлттық киімдері, Қазақтың тұрғын үйлері, Қазақтың қолөнер бұйымдары және халық ауыз шығармалары тақырыптары бойынша жиынтық бағалау

Сыныбы 8^Г

Аты-жөні Умиртай Түрдіна

Күні 19.12.2024ж

1. Киіз үй қандай бөліктерден тұрады?

Үйік	Жергесі	Илаңырақ

(6)

2. Жануарлардың терісін қандай мақсатта қолданды?

--

(1)

3. Жануарлар жүнінен қандай бұйымдар жасады?

киіз

(1)

4. Адам неліктен өзінің шежіресін білуі тиіс?

--

(1)

5. Сенің тегің қандай?

--

(1)

Жалпы 10

(4)